# Сыр бойы

№54 (19732)
16 СӘУІР, СЕЙСЕНБІ
2019 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ


**PREZIDENT**

## БАУЫРЛАСТЫҚ БАЯНЫ

**14-15 сәуірде Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевтің шақыруымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Өзбекстанға Мемлекеттік сапары өтті.**



Сапар барысында екі ел Президенттері шағын құрамда келіссөз өткізді, бірлескен мәлімдеме жасап, кеңейтілген құрамда кездесті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевке Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сәлемін жеткізіп, оның Қазақстан мен Өзбекстан қарым-қатынастарының дамуына сіңірген өлшеусіз еңбегін ерекше атап өтті.

– Біз шағын құрамдағы кездесу кезінде сабақтастықтың сақталып, мемлекеттеріміз арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі нығайту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға уағдаластық, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті қазіргі саясат екі мемлекеттің ұлттық мүддесіне толықтай сәйкес келетінін атап өтіп, келіссөздер барысында қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыру үшін үкіметаралық комиссияны Үкімет басшыларының деңгейіне көтеру туралы шешім қабылданғанын айтты.

– Біз Өзбекстанның дамуын зор қызығушылықпен бақылап отырамыз. Сіздер бірқатар бағыт бойынша реформалар жүргізіп, соның ішінде мемлекеттік басқаруды, экономиканы либерализациялауды жетілдіріп, халықтың әл-ауқатын арттыру ісінде таңқаларлық жетістіктерге қол жеткіздіңіздер, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Шавкат Мирзиёев Қасым-Жомарт Тоқаевтың Президент ретіндегі алғашқы мемлекеттік сапарын Өзбекстаннан бастағанына тоқталып, бұл қадамның стратегиялық әріптестікті тереңдетіп, қалыптасқан қарым-қатынастарды жалғастыруға бағытталғанын атап өтті.

– Қазақстанмен достық қарым-қатынасты, тату көршілікті нығайту – Өзбекстанның сыртқы саясатының басым бағыты. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екеуміз екі ел арасындағы қарым-қатынастардың берік іргетасын қалап, өзара байланысты жаңа деңгейге көтере алдық, – деп түйіндеді Шавкат Мирзиёев.

Сонымен қатар, мемлекеттер басшылары кеңейтілген құрамдағы кездесуде екіжақты және халықаралық байланыстардағы өзекті мәселелер жөніндегі, нақтырақ айтқанда, БҰҰ, Ислам ынтымақтастық ұйымы және Аралды құтқару халықаралық қоры аясындағы мүдделері мен ұстанымдары сәйкес келетінін атап өтті.

Келіссөздер барысында тараптар құқық қорғау органдары, арнайы қызмет және қорғаныс ведомстволары бойынша қауіпсіздік пен тұрақтылықты, тығыз ықпалдастықты қамтамасыз ету, жолаушылар және жүк тасымалдау ісін, өзара сауда және өнеркәсіп кооперациясын жандандыру мәселелерін талқылады.

Сондай-ақ, келіссөздер бойынша БАҚ өкілдеріне арнап брифинг өткізілді.

Ал, Өзбекстандағы Қазақстан жылының ашылу рәсімі басталар алдында мемлекеттер басшылары Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізгі мазмұнын ашуға арналған «Ұлы дала мұрасы» атты көрмені аралады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевке және өзбек халқына жылы қарсы алып, қонақжайлық көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.



## САРЫАРҚАҒА ГАЗ СЫРДАН ТАРТЫЛАДЫ

**Кеше «Nur Otan» партиясының «Құтты мекен» жобасы аясында орталық партия аппараты және партиялық бақылау қызметінің басшысы Дәурен Бижұманов пен жоба жетекшісі Нұрлан Баймырзаев бастаған арнайы комиссия облыста іссапарда болды. Комиссия мүшелері алдымен «Сарыарқа» магистральді газ құбырының инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымымен танысып, партия төрағасы, Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың солтүстік аймақтарды газдандыруға бағытталған тапсырмасының тиімді жүзеге асырылуына куә болды.**

**Ержан ҚОЖАСОВ.**

Облыс аумағында орналасқан «Сарыарқа» магистральді газ құбыры Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» аясында қолға алынған газдандыруға бағытталған ірі жобалардың бірі. «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Нұр-Сұлтан» бағыты бойынша ұзындығы 1061 шақырымды құрайтын құбырдың алғашқы 179 шақырымы Сыр өңірінен басталады. Бүгінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын «ҚазСтройСервис» ҰМҚК» АҚ қарқынды жүргізуде. Жобаны жүзеге асыруға жергілікті компаниялар мен тұрғындар да тартылған.

– Осы кезеңде «Сарыарқа» магистральді газ құбыры жұмыстарын жүргізуге 1000-ға жуық азамат пен 352 техника жұмылдырылып отыр. Азаматтар вахталық режим бойынша жұмыс жасайды. Қазір 2 бригада күніне 4 шақырым газ құбырын жүргізіп отыр. Алдағы уақытта күніне 8 шақырымға дейін жетеді. Қазір 30 шақырымы бітті. Жобаны желтоқсан айына дейін аяқтаймыз, – деді «ҚазСтройСервис» ҰМҚК» АҚ-ның бас директоры Сәбит Жанасов.

«Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» аясында елімізде бірнеше маңызды жобалар қолға алынды. Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету, жалақысы төмен жұмысшы-қызметкерлерге салықтық жеңілдіктер жасау, жастардың білім алуы және олардың жатақханалардағы жағдайын жақсарту, кәсіпкерлерге шағын несиелер беруді көбейту сияқты бастамаларда бүгінде оң нәтиже бар. Тұрғындарды газбен қамтамасыз етуді жалғастыру жұмыстары да тез қарқын ала бастады. Аталған жоба толық іске қосылған уақытта 171 елді мекенге көгілдір отын жетеді деп болжанған.

– Өздеріңізге белгілі, Елбасы партияның кезекті XVIII съезінде халықтың әлеуетін арттырып, ауылдық елді мекендердің инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған бірнеше жобаларды жүзеге асыруды тапсырды. Соның бірі – «Құтты мекен» жобасы. Осының аясында аймақтық партия филиалының бақылау комиссиясымен бірге «Сарыарқа» магистральді газ құбырының құрылыс-монтаждау жұмыстарына, мемлекет қаржысының нәтижелі жұмсалуына бақылау жасап, жұмысшылардың жағдайымен танысып отырмыз. Құрылыстың өз деңгейінде жүргізілуі бізді қуантады, – деді орталық партия аппараты партиялық бақылау қызметінің инспекторы, «Құтты мекен» партиялық жобасының жетекшісі Нұрлан Баймырзаев.



Айта кету керек, бұған дейін Елбасы қолдауымен басталған ірі стратегиялық маңызы бар «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральді газ құбыры аймаққа оң өзгеріс әкелгені белгілі. Облыс аумағынан өтетін 846 шақырымдық газ құбыры аймақтағы аудан орталықтары мен елді мекендерді көгілдір отынмен қамтуға жол ашты. Осыған дейін Қызылорда облысының әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасындағы меморандумға сәйкес Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудандарын және Байқоңыр қаласын газдандыру жобасы жүзеге асырылған болатын. Биыл ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен қалған 3 аудан орталығы – Жосалы, Тереңөзек және Жалағашты сұйық отынмен қамту жұмыстары басталды. Барлық жеті аудан орталығын 2020 жылы көгілдір отынға қосу жоспарланған.

Бүгінде облыс халқының 63 проценті табиғи газ тұтынуда. Көп ұзамай оның игілігін көретіндер қатары 95%-ке жеткізу міндеті қойылған. Сонымен қатар газ құбырын тарту барысында жаңа жұмыс орындары құрылып, бұл халықтың әл-ауқаты деңгейін арттыруға ықпалын тигізеді.

**QABYLDAÝ**

## Э.ТҰРСЫНБАЕВА: БҰЛ БІЗДІҢ ОРТАҚ ЖЕҢІСІМІЗ

**Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мәнерлеп сырғанаудан халықаралық спорт шебері Элизабет Тұрсынбаеваны қабылдады.**

**Айнұр БАТТАЛОВА.**



Еске сала кетейік, Элизабет осы жылдың 18-24 наурызы аралығында Жапонияның Сайтама қаласында өткен мәнерлеп сырғанаудан Әлем чемпионатында күміс жүлдеге ие болды. Ол әлемдік тарихта төрт айналымдық сальхов әдісін мінсіз орындады.

Облыс әкімі қабылдауда жас спортшыны құттықтап, алдағы уақытта да жеңіс тұғырынан көріне беруіне тілектестік білдірді.

– Біз мұз айдыны спорт кешенін салдық және бұл кешенге Сыр жастары жаңа спорт түрлерін игеруге қуана-қуана барады. Мен осы орталықта болашақта еліміздің намысын халықаралық ареналарда қорғайтын дарынды спортшылар өседі деп сенемін. Аймағымызда егемен еліміздің атағын әлемге әйгілі ететін мәнерлеп сырғанаушы-чемпиондардың тұтас шоғыры болсын! Элизабет, сенің есімің бүкіл әлемге танымал болуына тілектеспін, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде Элизабет те жүрекжарды сөзін жеткізді.

– Менің қазіргі жетістігім көп жылғы еңбектің жемісі. Бұл – ортақ еңбек, үлкен жұмыс. 14 жылдан бері спорттың осы түрімен айналысып келемін. Ата-анамның қолдауынсыз еш мүмкін емес еді. Анам мен қайда барсам да әрдайым жанымда. Күнде мені жаттығуға апарып, әкеледі. Барлығы бірден жақсы болып кетті деп айта алмаймын. Талай қиындықтардан өтіп келемін. Бірақ еңбектенген сайын жетістікке де жетуге болатынына көзім жетті. Әрине, жаттықтырушыларымның еңбегін де айтпай кетуге болмайды. Оның үстіне сіздердің қолдауларыңыз бен «ҚазГермұнай» компаниясының демеушілігі маған қанат бітірді. Осы үшін де сіздерге үлкен рақмет. Бұл – біздің ортақ жеңісіміз,– деді Э. Тұрсынбаева.

Сондай-ақ, шарада жас спортшының ата-анасы да қыздарына қолдау білдіріп, демеушілік танытып жүрген аймақ басшысына, барша қызылордалықтарға ризашылығын жеткізді.

Қабылдауда Элизабетке Қызылорда облысының Құрмет грамотасы және 2 млн теңгенің сертификаты табысталды. Аймақ басшысы сонымен қатар бүгін Қызылордада басталатын Э.Тұрсынбаеваның жүлдесі үшін алғашқы ашық республикалық жасөспірімдер турниріне сәттілік тіледі.

Айта кетейік, «Мұз айдынында» «Көктем жұлдыздары» турнирінің ашылуында Элизабет те өнер көрсетеді. Алдағы уақытта турнир жыл сайын өткізіледі деп жоспарлануда.

**SAPAR**

**Мәскеуде Мемлекеттік Кремль сарайында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің қатысуымен Бүкіләлемдік авиация және космонавтика күніне, сондай-ақ, Юрий Гагариннің ғарышқа ұшқанына 58 жыл толуына орай мерекелік шара өтті деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.**

## «АҚМЕШІТ» КРЕМЛЬ САРАЙЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Авиация және ғарыш қызметкерлері мен ардагерлерін Владимир Путин, сонымен қатар, РФ Үкіметі Төрағасының қорғаныс-өнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша орынбасары Юрий Борисов және «Роскосмос» ғарыш қызметі мемлекеттік корпорациясының бас директоры, РФ Президентінің халықаралық ғарыш ынтымақтастығы бойынша арнаулы өкілі Дмитрий Рогозин құттықтады.

Қазақстан делегациясының атынан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев және ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Жұмағалиев құттықтау сөз сөйледі.

– Ғарыш кеңістігін игерудің батыл бастамасы біздің Байқоңырдан бастау алды. Осы жерден алғашқы жасанды Жер серігі ұшырылды, жер жүзінің тұңғыш ғарышкері Юрий Гагарин адамзат үшін беймәлім әлемге жол салды. Бүгінгі Байқоңыр – Қазақстан мен Ресей бірлігінің символы.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, біз географиялық жағынан – көрші, тарихи тұрғыда – бауыр, саясатта – одақтас, ал экономикада – әріптес елміз. Құрметті достар, баршаңызды – ғалымдарды, конструкторларды, ғарышкерлерді, инженерлер мен саладағы басқа да мамандарды осы мерейлі мерекемен құттықтап, әлем игілігі жолындағы жұмыстарыңызға табыс тілеймін, – деді аймақ басшысы.

Кремль сарайы сахнасында Қызылорда облыстық филармониясының «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі өнер көрсетті. Ансамбльдің солисі Назым Сағынтай Латиф Хамидидің «Бұлбұл» әнін орындады.

Айта кетейік, мерекелік шарада Ресей эстрадасының әртістері – Лев Лещенко, Юрий Антонов, Вячеслав Добрынин, Александр Маршал, «Земляне» тобы, Анита Цой, Валерия, Алла Духованың «Тодес» балет ұжымы және басқалар өнер көрсетті.

**«СБ» ақпарат.**






ÚNDEÝGE ÚN QOSTY

# 9 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ КҮНІ



## СЫНДАРЛЫ СӘТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған үндеуінде кезектен тыс сайлау туралы шешім қабылдағанын жеткізді. Қазақстан азаматы ретінде Мемлекет басшысының бұл шешімін дұрыс қабылдаймын және қолдаймын. Себебі, Президент міндетін тұрақты атқаратын адам сайланғаны жөн.

Сайлауда ұйымшылдығымыз бен бірлігіміз сынға түсері белгілі. Бұл әрі ертеңіміз үшін таңдау жасап, болашағымызды бағамдайтын аса жауапты сәт болмақ. Қазақстан төрткүл дүниенің назарында екені белгілі. Сондықтан әрбір қазақстандық саналы түрде сайлауға қатысып, өзіміздің мызғымас бірлігімізді, ынтымағымызды көрсетеміз деп ойлаймын.

**Нұридин ӘМИТОВ,**
**облыстық медицина орталығының директоры.**

## МАҚСАТ – БИІК, БАҒЫТ – АЙҚЫН

Ел Президенті бүгін жариялаған үндеуінде, өзі айтқандай, кезектен тыс сайлау туралы шешім қабылдау оңай емес. Бірақ, бұл – өте маңызды әрі қажетті қадам екені анық.

Осы елдің азаматы ретінде бұл шешімді өз уақытында әрі дұрыс қабылданды деп санаймын. Тәуелсіз қазақ елінің дамуын нығайту, қадамын нықтау үшін қажетті шешім. Алға қойған мақсатымыз – биік, бағытымыз – айқын.

Сайлау кезінде әрбір азамат өзінің шешуші рөл атқаратынын түсіну керек. Отандастарымды сайлауға асқан жауапкершілікпен, белсене атсалысуға, өздерінің азаматтық позициясын білдіруге шақырамын. Азаматтық қоғам өкілдері бұл шешімді қолдайды.

**Жандос ТҮСМАҒАМБЕТОВ,**
**«Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры.**

## ЕЛДІҢ БІРЛІГІНЕ СЕНЕМІЗ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы үндеуі нағыз қажет кезінде жарияланып отыр. Бұл болашақтан зор үміт күттірген шешім болды.

Ел басқаратын тұлғаны таңдау арқылы даму даңғылындағы бағытымыз айқындала түспек. Әлемде түрлі жағдай болып жатқанда біздің елдің бекем бірлігі мен түзу тірлігі жұрттың көз алдында. Бірақ жалпақ дүниедегі кез келген құбылыс бізге әсер ететіні анық. Сондықтан нақтылық керек. Президент шешімі – осы нақтылыққа апарар жол.

Сайлауда ұйымшылдығымыз бен бірлігіміз сынға түседі. Ертеңіміз үшін таңдауда жауапкершілікті сезіне отырып, бұл қоғамда әрбіріміздің шешуші рөліміз бар екенін ұғынған жөн. Бұл ретте отандастарымыз дұрыс таңдау жасайды деп сенемін.

**Бақытжан РАХЫМБЕКОВ,**
**Қоғалыкөл ауылының әкімі.**
Сырдария ауданы.

# ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢГЕ ҚАЗІРДЕН ҚАМ ЖАСАУ КЕРЕК

**2018-2019 жылдардағы жылу маусымы қызылордалықтар үшін ойдағыдай өтті. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев төрағалық еткен селекторлық жиында жауапты кезеңдегі жағдай баяндалды.**

**Назерке САНИЯЗОВА.**



– Қыс мезгілінде тіршілікті қамтамасыз етуші нысандарда ауқымды авариялар болған жоқ. Жылу, газ, электр энергиясы мен ауызсу тұтынушыларға тұрақты түрде берілді, – деді аймақ басшысы.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Медет Усаин атап өткендей, есепті кезеңде білім саласындағы – 495, мәдениет және спорт салаларындағы – 405, денсаулық сақтау саласындағы – 266 нысан, орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 763 көпқабатты тұрғын үй жылумен қамтамасыз етілді. Қатты, сұйық отын жөнінен өзекті мәселе болған жоқ.

– Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 31 әлеуметтік нысанның жылу қазандықтарын газға ауыстыру жоспарланған. Бүгінде Арал, Шиелі аудандарындағы 13 нысанда жұмыс жүріп жатыр. Бұл әлеуметтік нысандарды жылытуға жұмсалатын шығынды 4-5 есе азайтуға мүмкіндік береді, – деді басқарма басшысы.

Ендігі сөз коммуналдық кәсіпорындар арасындағы берешек жөнінде. Бүгінгі күні «Қызылордажылуэлектрорталығының» «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы алдындағы қарызы 165 млн теңгені құрап отыр. Ал коммуналдық мекемелер жылу орталығына 282 млн, Қызылорда электр тарату торaптары компаниясына 594 млн теңге өтеуі тиіс.

Қарыз мәселесін «Қызылордажылуэлектрорталығы» МКК директорының міндетін атқарушы Руслан Нұрмағанбетов те көтерді. Айтуынша, кәсіпорынның осы кезге дейінгі кредиторлық берешегі – 285 млн теңге. Дегенмен, бұл алдыңғы 2 жылмен салыстырғанда 4-5 есе төмен. Халықтың «Қызылорда су жүйесі» мекемесі алдындағы қордаланып қалған қарызы алаңдатарлық.

Қызылорда қаласының іргесінде орналасқан Белкөл кентіндегі бу қазандықтарының жағдайы мәз емес. Өйткені олар ширек ғасыр бұрын пайдалануға берілген.

– Төрт бу қазандығының 2-і қолдан жасалған. Ешбір талапқа сай келмейді, адам өміріне қауіпті. Мазутпен жұмыс істейтініне байланысты жыл сайын қазандықтарды жөндеу үшін 55-60 млн теңге шығындалуға тура келеді. Егер оны газға ауыстырсақ, алдағы 3 жылда өз құнын ақтап шыға алады, – деді Р.Нұрмағанбетов.

Жиын қорытындысында облыс әкімі жауапты мекемелерге алдағы жылу маусымына қазірден қам жасауды тапсырды.

KÁSIP PEN NÁSIP

# ЖҰМАБЕККЕ ЖҰРТ РИЗА

**Қаладан 50 шақырымдай жердегі Ширкейліде көп ауылда жоқ көлік жөндеу орны мен желімдеу орталығы бар. Тоғыз жолдың торабында орналасқан ауылдың тұрғыны Жұмабек Көпбергенов осыдан бірнеше жыл бұрын қайтарымсыз қаражат көмегімен ашқан орталық бұл күнде талай жанға көмегін тигізіп тұр.**

**Дәулет ҚЫРДАН.**

– Өзім такси болып, жолаушы тасымалдадым. Содан ғой, жолдың жай-күйін жақсы білемін. Титықтап тиын тапқан соң, доңғалақты жаңарту қайдан?! Біреудің ескі-құсқысын әлдеқандай ғып салып аламыз. Сосын әр күні таңертең «Мынаумен қалаға жете алам ба?» деп ойланып отырғаның. Осындай күндер өтті. Енді елдегілер менің орталығыма келіп, көлігін толық жөндетіп ала алады, – деді Жұмабек Ақбергенұлы.

Орталықты аша сала қаумалаған жұрт жағдайын айтып келеді. Бірінің қозғалтқышы, бірінің доңғалағы, тағы бірінің стартері істен шығып жатады. Ондайда қолынан келмейтіні жоқ Жұмекең білек сыбана кіріседі. Орталыққа көлігінің аяқасты бұзылғанына кіржиіп келген адамның жадырап шығып бара жатқанын талай көрдік.

Бүгінде көпшілікке қалтқысыз қызмет көрсетіп жүрген азамат аталған орталықты осыдан үш жыл бұрын ашты. Сол уақытта 400 мың теңге көлемінде грант жеңіп алған. Одан бері де 300 мың, сонан соң 500 мың теңге шамасында қайтарымсыз қаражатқа ие болды.

Біз барғанда кәсіпкердің жұмысы қызып жатыр екен. Айтуынша, көктемдегі тіршілікпен қатар, орталықта да жұмыс көбейеді. Ауылдық жер болғандықтан егін егу, жер жырту тәрізді маусымдық жұмыстарға жүк көліктері мен ауыр техникалардың доңғалақтарынан бастап, түрлі қажетті бөлшектерін жөндеуден өткізеді. Шаруашылық та ат арытып облыс орталығына бармайтын болды.

– Қоғалыкөл, Шаған, Н.Ілиясов, Ширкейлі ауылдарына ортақ нысан бұл. Қай ауылдың болмасын, көліктері келсе, есік ашық. Еңбегіміз ел игілігі үшін деген ниет. Халықтың батасын алғанымның өзі үлкен бақыт. Жұрттың жұмысын жеңілдеттім деп ойлаймын. Әйтпегенде, қалаға барып, жолға бір, жөндеуге бір шығындалады, – деді кәсіпкер бізбен әңгімесінде.

Ол – II топ мүгедегі. Соған қарамастан, халыққа қызмет көрсетіп, табыс тауып, талайдың алғысын алып отыр. «Алма піс, аузыма түс» деп мемлекет беретін жәрдемақыға қол жайған жоқ. Керісінше, өзін қайрап, қажет нәрсеге өз еңбегіммен жетемін деп мақсат қойды. Бұл күнде Жұмабекті ауыл тұрғындары үлгі тұтады. Себебі, рухы мықты жан ешқашан жеңілген емес.

Сырдария ауданы.

# ЖАСТАР – ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖЫРШЫСЫ

**Байқоңыр қаласында «Nur Otan» партиясы Байқоңыр қалалық филиалы мен Байқоңыр жастар ресурстық орталығы және «СП Бәйтерек» АҚ-ның бірлесе ұйымдастыруымен Елбасы қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Жастар жылы» мен Космонавтика күніне орай «Baikonur conus» атты конференция өтті.**



Шараға облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақов, «Nur Otan» партиясы Байқоңыр қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бақытбек Бекпанов, «Байқоңыр» кешеніндегі ҚР Президенті өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы басшысының орынбасары Мырзабек Демесінов, «ҚазҒарыш сапары» мекемесінің басқарма басшысы Аманкелді Бекішев, «СП Бәйтерек» АҚ-ның «Байқоңыр» кешеніндегі филиал басшысы Мақсат Анаров, сондай-ақ барлық аудандардан әкім орынбасарлары, жастар ұйымдарының басшылары мен белсенді жастар қатысты.

Шара «СП Бәйтерек» АҚ қарамағындағы №45 және 43 ұшыру алаңында орналасқан ракеталық қондырғылар мен оны ұшыруға арналған құрылғылармен танысудан басталды. Бөлім басшысы Сырым Ынтымақов пен Павел Конапля және басқа да мамандардың баяндауымен қатысушылар көкейде жүрген сауалдарына жауап алды.

«Байқоңыр» ғарыш айлағындағы ұшыру алаңдары өткен ғасырдың елуінші жылдарында кеңестік аэроғалымдардың зерттеуімен жүргізілген жұмыстар нәтижесінде қазақтың ұлан-байтақ даласынан «Жер кіндігі» деп танылған қасиетті Қармақшы өңіріндегі осы бір аумақтан таңдап алынды. Содан бері осы өңірден «Союз», «Зенит», «Протон», «Днепр», «Циклон» және «Энергия» атты ұшыру алаңдары салынып, көкке түрлі бағыттағы ракеталар ұшырылса, қаншама адам ғарышты сапарлап қайтты.

Міне, сол ұшыру алаңдарының бірі – «Зенит СМ» бүгінде қазақ-ресей мемлекетінің бірлескен «СП Бәйтерек» АҚ құрамына алынып, қазақстандық ғарыш саласын дамытуға жемісті қызмет етуде.

Мамандардың айтуынша, «Зенит СМ» ұшыру алаңынан алғаш 1985 жылдың 13 сәуірінде жүк кораблі ұшырылса, соңғы рет 2017 жылдың 26 желтоқсанында жүк көлігін көкке көтерген. Осы жылдар аралығында аталған алаңнан 48 рет ракета аспан әлеміне жол салған.

Сонымен қатар, меймандар №45 ұшыру алаңындағы, яғни 1960 жылдың 29 қазанында Кеңес Одағының Маршалы Митрофан Неделиннің басшылығымен көкке ұшырылатын кезекті ракетаны тәжірибеден өткізу кезінде апат болған оқиға орнына барып, қаза тапқандар рухына тағзым ретінде орнатылған ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Мұнан соң «СП Бәйтерек» АҚ-ның «Байқоңыр» кешенінде конференция өтті.

Конференцияда «Байқоңыр» кешеніндегі ҚР Президенті өкілдігінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы басшысының орынбасары Мырзабек Демесінов Байқоңыр қаласының әлеуеті мен тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін нығайтуда атқарылып жатқан істерге, оның ішінде соңғы жылдары қала тұрғындарына әлеуметтік қызмет көрсетуде медициналық және халыққа қызмет көрсету орталығы, сондай-ақ бұған дейін ресейлік білім беру стандартымен оқытылған 5 мектеп пен 1 балабақша қазақстандық білім стандартына көшкенін, 1 мектеп пен 1 балабақша және 5 бес қабатты тұрғын үй салынғанын жеткізді. Сонымен бірге, осы жылы 7 үшқабатты тұрғын үй құрылысы басталмақ және Бармин көшесіне күрделі жөндеу жүргізілетін болады. Қаланы көгілдір отынға қосу да жоспарланып отыр. Ал, электр энергиясы мен ауыз су желісін модернизациялау, туризмді дамыту жұмысы жаңа қарқынмен жүргізілмек.

Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақовтың айтуынша, аймақта тұратын халықтың 24%-і жастар. 14 пен 29 жас аралығында 190101 жас тіркелген. 2019 жылдың басынан бері өңірде аймақ басшысының қолдауымен жастарды барынша кәсіпке, білімге, жалпы алғанда, еңбекке баулуда 44 жоба жүзеге асырылса, оның 29-ы қала және аудандық, 15-і облыстық деңгейде қолға алынған. Ал, Байқоңыр өңіріндегі жастар саясатын қолдауда 2017 жылдан бастап Қызылорда облысы мен РФ Байқоңыр қаласы арасында әріптестік қызмет жандана түсуде. Мәселен, 2017 жылы – 46, өткен жылы 38 шара, ал осы жылдың осы кезеңіне дейін 57 іс-шара өткізілген. Байқоңырдағы қалалық жастар ресурстық орталығында қазір 5 штаттық қызметкер, 4 жастар тәжірибесімен және 9 жас маман қоғамдық негізде жұмыс істейді. Байқоңыр қаласында жоғары оқу орнында – 683 бала, 4 арнаулы оқу орнында 1130 студент білім алуда. Шет елдерде 13 жас оқуда. Жастар саясатын қолдауда қала орталығындағы Абай даңғылы, №2 мекенжайдан жастар ресурстық орталығын ашу жоспарланып отыр. Басқарма басшысы кәсіпкерлік саласында да қол жеткізген жетістіктерді мәлімдеді. «Kyzulorda Business Hub», «Жасыл ел», «Еңбек», «Жас отбасыларға баспана», тағы да басқа бағдарламалар бойынша жастарға қолдау бар. Ал, «СП Бәйтерек» АҚ-ның «Байқоңыр» кешеніндегі филиал басшысы Мақсат Анаровтың айтуынша, мекемеде еңбек ететін 170 азаматтың 92%-і қазақстандық. Алдағы уақытта мекеме қызметкерлері мен жұмысшылар санын 500-ге жеткізу жоспарға алынған.

Жиында қала әкімшілігіне қарасты мәдениет, спорт, жастар саясаты және туризм басқармасына қарасты жастар мәселесі бөлімінің басшысы Татьяна Сафронова Қазақстан мен Ресей жастары арасындағы достық қарым-қатынасты одан әрі нығайту мақсатында атқарылып келетін жұмыстарды баяндады.

Конференцияға қатысушылар одан әрі қаладағы мұражайды көрді. Сол күні қала тұрғындары атап өтіп жатқан Ғарышкерлер күні мерекесіне арналған салтанатты шараның қонағы болды.

**Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ.**
Байқоңыр қаласы.

# КЕЙДЕННІҢ «КӘУСАРЫ» СҰРАНЫСҚА ИЕ

**Ел ішінде кәсіп көп. Сұранысқа сай болса, білекті сыбанып кірісе беруге әбден болады. Ауылдан шығарған өніміңіз де өтімді болады. Егер сапалы болса, әрине. Жаңақорған ауданына қарасты Кейденге табан тірегенде осындай ой келді. Мұндағы жүгеріден дайындалатын «Кәусар» сусыны еліміздің оңтүстік өңірлеріндегі, атап айтқанда, Түркістан, Шымкент қалалары мен Қызылорда облысы аумағындағы дүкен сөрелерінде самсап тұр. Жаңақорғанға ат басын бұрған біз жұртшылық тұтынып жүрген өнімнің қалай дайындалатынын көріп, ауыл тынысымен танысып қайттық.**

**Дәулет ҚЫРДАН.**

– Ең алдымен, елде отандық өнімді өрістетуге жағдай жасалуда. Сол себепті, осы игілікті іске біз де үн қосуды қаладық. Оның үстіне, біздің ауыл көп жылдан бері жүгері егумен айналысады. Осы кәсіпті кеңейтіп, халыққа дайын өнімді ұсынсақ деген ой болды. Өйткені, бұл сусын бұрындары қолдан әрбір үйде жасалатын. Расында, көп уақыт керек, үлкен еңбекті қажет етеді. Ел ішкісі келсе, дүкеннен қолжетімді бағада сатып алатындай жағдай жасауды мақсат еттім, – деп бастады бізбен әңгімесін кәсіп иесі Қасым Әбжаппаров.

Айналасы мыңнан сәлақ асатын ауылдық округтен шыққан өнім болашақта тұтас Қазақстан аумағына тарамақ. Бірақ ол үшін егіліп жатқан жүгері көлемі артуы керек. Ол кезде қазір төрт бірдей ауыл тұрғынын жұмыспен қамтып отырған кәсіпкерлік нысаны жұмыс ауқымын арттырады. Қолда бар құрылғы сусынның барлық түріне жарамды. Сондықтан тек жүгерімен шектеліп қалмай, жемісжидектен, қарбыздан да сусын шығаруды ойлап отыр.






– Жүгері сусынын шығару ойдағы іс еді. Аудан әкімі жақсы жобаларға мемлекет тарапынан қолдау білдірілетінін айтты. Менде идея бар, қол қысқа екенін жеткіздім. Нәтижесінде 3 млн теңгені жеңіп алдық. Өткен жылы ең үздік кәсіпкер атанып, тағы 1 млн теңгеге қол жеткіздік. Енді мұнымен тоқтап қалмай, әрі қарай дамыту керек. Ал құрылғыға келсек, бөлшектерін Қытайдан алдыртып, жергілікті мамандардың көмегімен құрастырып шықтық. Бұл – әмбебап. Тиімділігі зор, – деді кәсіпкер.

Бұрын цех-зауыттарда технолог боп жұмыс істеген ол «жиған тәжірибем кәдеге асты» деп отыр. Расында, өзіне беймәлім істі бастап, көтере алмайтын шоқпарды белге байлаған талайды көрдік. Ал Кейдендегі «Кәусар» сусыны жұртшылыққа танымал. Ауыл тұрғыны Динара Архабаева кәсіпорын ашылғалы бері жұмыс істеп келеді. Қазір ол осындағы жауапты мамандардың бірі.

– Бұған дейін бала тәрбиесімен үйде отырып қалдым. Үйдің жанынан осындай нысан ашылғанда қуана келдім жұмысқа. Ұжымым да ұнайды. Жалақым да уақытылы беріліп тұр. Еңбек етем деген адамға мұнан артық не керек?! – дейді технолог маман.

Судан тапшылық көрген елді мекенде табиғаттың кәусар байлығы осыдан бес жыл бұрын сарқырап аға бастады. Оған дейін су тартуға жанаржағармайды халық қалтасынан шығарып, тіршілік қылды. Бірақ одан не өнсін?! Ел ағаларының қолдауымен осындағы «СКЗ-U» мекемесі аяқсуға жұмсалатын электр энергиясын өз мойнына алды. Содан бері халықтың да егін егуге ынтасы оянған. Бүгінде жүгері егетін жұрттың қарасы қалың. Сусын шығару үшін шикізат ел ішінен табылып тұр. Мұның өзі оң жамбасқа шығып тұр. Қазір егін, мал шаруашылығынан бөлек ауыл тұрғындары кәсіптің басқа да түрлеріне бет бұрған.

– Мұнда тек Кейден емес, Аққұм елді мекені де бар. Сол жақта Қасиет Орал есімді мүмкіндігі шектеулі жан қолөнер бұйымдарын жасайтын жобасымен облыс әкімінің 1 млн теңге грантын жеңіп алды. Ел азаматтары қайырымдылық танытып, 120 мың теңге тұратын тігін машинасын әперді. Қазір кәсіпті ұршықша иіріп отыр. Сонымен қатар, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 3 жас азамат шаштараз, тігін цехы, автокөлік жөндеу орнын ашып, 240 мың теңгеден қайтарымсыз қаражатты иеленді. Тағы екі кәсіпкер осы бағдарлама арқылы жоба дайындауда, олар да жақсы бастамалар қатарында. «Ауыл шаруашылық қаржылай қолдау қоры» арқылы екі азамат, «Атамекен» жобасы бойынша 1 азамат кәсіптерін игеру үстінде, – деді ауыл әкімі Бақтияр Тоқтыбаев.

Кейденде кәсіпкерлік өркен жайып тұр. Қазірдің өзінде сүт өнімдерін шығаратын шағын цех жұмыс істейді. Қаймақ, құрт, май, ірімшік, сүзбе – бәрі бар. Жергілікті сауда нүктелері отандық өнімге толы. Ауылда бұрын мақсары майын шығаратын цех болған. Белгілі себептермен жұмысы тоқтап қалған кәсіпорын да қайта жанданбақ. Биыл мақсары егіп жатқан шаруашылықтар көбейіпті. Соған қарағанда бұл тұрғыда да шикізаттан тапшылық болмайтын тәрізді.

Жаңақорған ауданы.

## BIRINSHI BAILYQ

**Екпе – адамзатты жұқпалы аурулардан қорғаудың және аурудың алдын алудың ең тиімді жолы. Бұл орайда, ең бастысы – қай кезде, қандай екпелерді салу керектігін білу.**

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ ӨТЕДІ

Бала туған сәттен бастап арнайы кесте бойынша түрлі екпелер салынатыны белгілі. Яғни, барлық вакциналарды Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынып, олардың сапа мен қауіпсіздігі халықаралық стандарттарға сәйкес сертификатталады. Егер қандай да бір себептермен азамат егу уақытынан қалып қойған жағдайда абыржудың қажеті жоқ. Жыл сайын жоспарлы егуден қалып қойғандар үшін республика көлемінде арнайы иммундау апталығы ұйымдастырылып тұрады. Биыл бұл науқан 24-30 сәуір аралығында облыс тұрғындары арасында «Алдын ал. Сақтан. Егіл!» ұранымен өткізілмекші.

– Бұл апталық республика көлемінде өткізіледі. Апталық аясында азаматтардың кез келген жақын орналасқан емханаға барып, дәрігердің қарауынан өтіп, тиісті екпе алуға мүмкіндігі бар. Бүгінде емханалар, тиісті департаменттер мен басқармалар арқылы иммундау апталығы туралы көпшілікке насихаттап, ақпараттандырып жатырмыз. Бұл науқан соңғы он жыл көлемінде тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді,– дейді облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаменті инфекциялық және паразитарлық ауруларға эпидқадағалау бөлімінің басшысы Әлия Ыдырысова.

Аталған шара былтыр «Сіздің және сіздің айналаңыздағы адамдарды ауыр түрде өтетін аурулардан қорғау үшін вакцина әрекет етуде!» ұранымен өткен.

Жалпы, туған сәттен бастап 18 айға дейін бала туберкулез, вирусты гепатит В, полиомелит, көкжөтел, дифтерия, сіреспе, В типіндегі гемофильді таяқша, қызылша, қызамық секілді ауруларға қарсы 11 екпе қабылдаса, 2 жастағы балаға А вирусты гепатитіне қарсы екпе салынады. Мектеп табалдырығын аттар алдында бала екі екпе салдыруы тиіс екен. Оның біреуі көкжөтел, дифтерия, сіреспеге қарсы «Бустрекс» вакцинасы, екіншісі, қызылша, қызамық, эпидемиялық паротиттің алдын алатын «КПК» екпесі. Алғашқы оқу жылының басында мектепте тек туберкулезге қарсы екпелер ұйымдастырылады. Ал 16 жаста және әр 10 жыл сайын азаматтар сіреспе мен дифтерияға қарсы қорғаныш екпесін қабылдайды.

Мәліметтерге сүйенсек, вакцинациялаудың нәтижесінде соңғы 15 жылда облыста дифтерия, полиомелит, сіреспе, көкжөтел аурулары тіркелмеген. А және В вирусты гепатиті мен қызамық, эпидемиялық паротит ауруларының аурушаңдық көрсеткіші едәуір төмендеген.

Соңғы жылдары ата-аналар арасында вакциналардың сапасына, егулердің қажеттілігіне деген негізсіз сенімсіздік қалыптасып, екпеден бас тартушылар белең алып келеді. Осының салдарынан олардың арасында жұқпалы аурулар, оның ішінде қызылша көптеп тіркелуде. Мысалы, осы жылдың алғашқы тоқсаны қорытындысымен тіркелген қызылшаның 83 проценті ауруға қарсы егілмегендер үлесінде болған.

Биылғы жылдың бірінші тоқсан қорытындысы бойынша дифтерия, сіреспе, көкжөтел, гемофильді инфекция және вирусты гепатит В ауруларына қарсы алғашқы вакцинациямен 4717 бала егілсе, қызылша, қызамық, эпидпаротит ауруларына қарсы алғашқы екпені 5734 бала, 6 жастағы қайта егумен 8653 бала егіліп, мақсатты топтағы бала санына шаққанда қамту көрсеткіші 28,6 процентті құраған. 16 жастағы 7198 жасөспірім және 11977 немесе жоспарға алынған ересектердің 68,2 процентті тиісті екпелермен қамтылған. Мамандар екпеден кейінгі асқыну жағдайының орын алмағанын айтады.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» демекші, иммундау апталығында уақытылы алынбай қалған екпелеріңіз болса, ектіруге асыққандарыңыз жөн.

## JÚREKTEGI JAZBA

**Қиялыммен бала кездің қызықтарына оралсам, есіме әжем түседі. Менің әжем басқа әжеден бөлек. Себебі, ол кісі менің үлкен әжем. Яғни, әкемнің әкесінің шешесі. Аты-жөні – Патыма Әлімбетқызы.**



# Менің әжем

Он бес жасқа келгенше сол әжемнің жанында болдым. Әрине, әке-шешем де қасымда. Бірақ олар жұмысбасты, әкем қарапайым мұғалім, анам совхозда есепші болып қызмет атқарды. Ол уақыттарда адамдардың бір-біріне деген ілтипаты, көзқарасы, бәрі-бәрі шынайы болатын. Әлде бізге солай сезіле ме, әйтеуір ерекше кез еді. Азанымен ата-анам жұмыстарына кеткенде үйде менен үлкен екі апам, бір ағам қалады. Бірі сабаққа дайындалса, кейінгілері майдашүйде үй шаруаларын атқарып, олар да өз жөндерімен жүреді. Мен мектепке де бармаймын, атқаратын шаруам да жоқ. Кәдімгі көп ойын баласының біріндей тамаққа тойып алғасын, азаннан кешке дейін әжемнің қасында қалатын тек мен едім. Себебі өзге балалар секілді ойнай да, жүре де алмаймын. Өздігімнен отыруды да жазбапты тағдыр маған. Бала кезімнен сал ауруымен табысыппын. Әжем өз шаруасын реттеп болып, менің қасыма келеді. Келеді де бірінші түріме қарайды. Көңілім көтеріңкі болса, менің өзін тыңдайтыныма көзі жетсе әңгімені әріден бастайды. Баяғы 1931 жылдардағы аштық, одан қалды 1941 жылы бұрқ еткен қанды соғыс... Былайша айтқанда, әжем мен үшін тарих пәнінің мұғалімі. Сосын атамның соғыста жүріп жалғыз қарындасына, еліне, достарына арнаған өлеңдерін жатқа айта бастайды. Мен енді әдебиет сабағына кіргендей боламын. «Уһілеп» отырып, кеудесінде шемен болып қалған шер-мұңын тарқатады. Атамның қалай соғысқа кетіп, ол жақта 5 жыл жүріп мұзды өзенді қалай кешіп өткенін, екі неміс офицерін қалай ұстап алып келгенін жыр қылып айтқанда, ана даладағы балалардың ойыны түк қызық болмай қалады.

Менің атам үлкен әжемнің жалғыз ұлы екен. Атамның соғыстан аман келіп, қалың жұртпен қауышқанын айтқанда:

– Сізді көргенде не күйде болды? – деп сұрадым.

– Балам өз үйіне түспей, үлкен үйге келіпті. Мені тас қараңғыда танымады. Бір уақытта қолыма май шамды алып барып бетіне жақындаттым. Бірден мойнымнан құшақтай кетті. Мұңлық пен Зарлық секілді жарты сағаттай жылап тұрдық, – деді.

Сол бір бақытты сәттің куәсі болып тұрғандай-ақ мен де жылаймын. Жыламай қайтесің, сонша қырғыннан аман келіп анасымен табысудың қандай әсерлі екенін сезбей тұр деймісің?

Одан атамның үйленгенін, балалы болғанын қысқа қайырып кеп қайта күрсінеді. Жалғыз ұлы соғыстың зардабынан өкпесіне салқын тиіп ауырғанын айтқанда, кіп-кішкентай менің жаным ашитын. Атам өмірден өтерде әжем өзі баласының басынан сипап отырыпты. «Баламның жаны қиналмасын» деп, жаны қашан шыққанша жұртқа жыламауларын сұрапты. 8 жасар балаға, яғни, маған ондай әңгімені тыңдау қандай әсерлі екенін өзіңіз болжап көріңіз.

Аштықта қауын дәнін шағып, қайнатып майын алып, оны үнемдеп пайдаланғанын айтатын. Бір күні туыстары жоқ, баласы жоқ бір кісі қайтыс болыпты. Әжемнің сауып отырған жалғыз ешкісі бар екен. Жаңағы кісіні аяп сол жалғыз ешкісін намазына апарып сойыпты. Әжемнің сондай мәрт қасиеті де болған екен.

Бірде әжем былай деп әңгіме бастады. «...Ол кезде адамдар аш болатын. Бір күні шалым қолына түскен үлкен балықты әкелді де, тайқазанға бүтіндей салып, қолда бар ұнын сорпаға қосып, бар көрші, туған-туысқандарды шақырды. Әуелі үйге келген үлкендерді төрлетіп, сонан соң қалғандарына үлестіре бастады. Көптен бері сорпа ішпеген аш халық бір тойынып, марқайып, бүйірлері шығып, алғыстарын айтып, ақар-шақар боп тарқасты» деді. Бұл менің атамның мәрттігі ғой.

Әжемнің шыжыққа толы өмірінде, қызық жайттар бар, бір жаққа баратын болса таяғын алады да кез келген көлікке көтеріп, тоқтатып мініп, баратын жеріне жетіп алатын. Ол кезде көлік, әрине, аз, қазіргідей ызғып жатқан жоқ. Ауылдағы шопырлар әжемді әзілдеп, «ГАИ» дейтін.

Сексен бес жасқа келгенше қорадағы малға өзі қарады. Сауын сиырларға жеке-жеке жем беретін. Бәрі көз алдымда. «Әже, нешедесіз?» десем, «Әй, біздің кезімізде ондайды білмейтін. Әйтеуір Ұлу жылы туғанмын» – дейтін. Есептеп көрсем, әжемнің туған жылы 1904 жылға келеді екен.

Менің әжем де барлық әжелер секілді той-томалақтан қалтасына тәттілерді толтырып салып әкеліп, маған беретін. Үлкейген соң құлағы нашар еститін болды. Біреулер әңгіме айтып жатса, естігісі келіп жалтақ-жалтақ қарайлап, назарын маған салатын. Мен жұрттың айтқанын тілмаш секілді түсіндіріп, қайталайтынмын.

1993 жылдың шілдесінде әзиз әжеммен мәңгілікке қоштастым. Содан бері сол асыл жанды тек түсімде ғана көретін болдым. Осы күндері ойланып отырып, «мені төзімді етіп, ерте есейткен осы үлкен әжемнің құнды да мұңды әңгімелері шығар» деймін.

Әжемнің маған айтқан үш аманаты бар-тұғын. Біріншісі, дүниеден озған соң, өзін ұлының жанына жерлеу. Екіншісі, өзі оқыған Құран кітапты қастерлеп, келер ұрпаққа аманат етіп тапсыру. Үшінші аманаты, өзінің тірі кезінде аузынан босап түскен тістерін орамалға түйіп жүруші еді, соны «менің бас жағыма көм» деген еді. Әжемнің үш аманатын да орындадым деп ойлаймын. Аллаға шүкір. Бәрін де өзінің айтқанындай етіп істедік. Іштей әжемнің аманатын орындағанымызға қатты қуанамын.

Алла мені арбаға таңғанымен, осыншама көпті көрген дана қарт әжемнің тәрбиесін бұйыртты.

«Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтпаған ғой, халқымыз. Әжем жайлы бір сәтте есіме түскен шағын ғана ойымды жаза алдым. Толықтырып жазатын болсам, бір кітапқа сыймас еді.

**Нұрмұхаммед ӘБІЛҚАСЫМОВ,**
**Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың студенті.**

**«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының 2019 жылдың II тоқсанына азаматтарды жеке қабылдау кестесі**

| Мемлекеттік органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күндері | Азаматтарды қабылдау уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы** | Дүйсебаев Талғат Тұрсынұлы | Басқарма басшысы | Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма | 09:00-13:00, 15:00-19:00. | **Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47** № 201 Б бөлме | 27-02-06 |
| **Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы** | Есқараева Алтынкүл Итенқызы | Басқарма басшысының орынбасары | Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма | 09:00-13:00, 15:00-19:00. | **Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47** № 201 Б бөлме | 27-23-01 |
| **Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы** | Ибраева Айгүл Болатқызы | Басқарма басшысының орынбасары | Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма | 09:00-13:00, 15:00-19:00 | **Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47** № 311 А бөлме | 40-08-17 |
| **Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы** | Қалмақова Гаухар Амангелдіқызы | Басқарма басшысының орынбасары | Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма | 09:00-13:00, 15:00-19:00 | **Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47** № 311 А бөлме | 27-01-00 |

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында (8 7242) 27-02-06 «сенім телефоны» жұмыс жасайды.

## ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРҒА МӘЛІМЕТ

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында 2019 жылдың 25-26 сәуір күндері Қызылорда облысына (Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласы) Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының жұмыс берушілер делегациясы арнайы іссапармен келіп, 3741-ге жуық бос жұмыс орындарын ұсынатын болады.

Бағдарламаға қатысушыға және оның отбасы мүшелеріне – отағасына және әрбір отбасы мүшесіне бір рет 35 АЕК (88 375 теңге) мөлшерінде көшуге материалдық көмек беріледі.

Көшуге материалдық көмек Бағдарламаға қатысушыға және оның отбасы мүшелеріне олар жаңа тұрғылықты жерге келгеннен кейін беріледі.

Бағдарламаға қатысушының отбасына, оның ішінде жалғызбастыларына он екі ай бойы ай сайын тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге мынадай мөлшерлерде материалдық көмек беріледі:

1) қалалық жерлерге қоныс аударғандар үшін:
- бір адам үшін – 20 АЕК (50 500 теңге) мөлшерінде;
- отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса – 25 АЕК (63 125 теңге) мөлшерінде;
- отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде – 30 АЕК (75 750 теңге) мөлшерінде төленеді;

2) ауылдық жерлерге қоныс аударғандар үшін:
- бір адам үшін – 15 АЕК (37 875 теңге) мөлшерінде;
- отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса – 18 АЕК (45 450 теңге) мөлшерінде;
- отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде – 21 АЕК (53 025 теңге) мөлшерінде төленеді.

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылдың 28 маусымындағы №204-п «Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың» 52-тармағына сәйкес «Арысқұм кен орнын игеру жобасының» «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау жобасы» құжатын талқылау үшін қоғамдық пікірді есепке алудың қоғамдық тыңдаулар түрінде өткізілетіндігін хабарлайды.

Жергілікті атқарушы орган – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы». Жауапты тұлға – Қайнаров Данияр, тел.:8 (7242) 60-53-69;

Тапсырысшы – «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13, тел.: 8 (7242) 26 10 53;

Жобаны әзірлеуші – «МұнайгазҒЗЖИ» АҚ, тел.: 8 (7292) 600208 вн:113. Электрондық почтасы: tatyana.migunova@nipi.kz

Жоба бойынша құжаттамалар орналасқан интернет-ресурстың мекенжайы – www.tabigat.e-kyzylorda.gov.kz;

Тапсырыс берушінің өкілі: Адранов Азамат, тел.: 8 (7242) 29-98-91, Электрондық почтасы: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

**Қоғамдық тыңдау өткізілетін уақыты мен орны:** 2019 жылдың 15 мамыр күні сағат 15:00, Қызылорда қ., Қонаев көшесі, №4, №405 кабинет.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшылардың кезектен тыс жалпы жиналысын 2019 жылдың 20 мамыр күні сағат 11.00-де мына мекен-жайда өткізетінін хабарлайды: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Абай Құнанбаев көшесі №38.

**Күн тәртібінде:**

1. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының қосымша тізім бойынша өз арыздарына сәйкес үлестерін сату, құрылтайшылар қатарынан шығару және қосымша тізімге сәйкес құрылтайшылар үлесінің бір бөлігін сату, жаңа құрылтайшыларды қосымша тізімге сәйкес қабылдау, жиналыстың қорытындысымен белгіленген Жарғылық капиталын бекіту туралы және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, Әділет басқармасына тіркеу туралы.

2. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларын одан әрі қаржыландыруға «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-дан жылдық 20 пайызға дейін, 20 сәуір 2046 жылға дейін ашылған несие желісін ұлғайтып, несие желісін ашу туралы және осы несие желісін кепіл мүлікпен қамтамасыз ету мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ алдындағы міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуге кепілге төмендегі мүліктерді қоюға және сот рәсімінсіз сату құқығымен келісім беруі туралы:

- Автокөлік ВАЗ 21703 139-23 (лада приора) 2013 жылғы, кепілге қоюға және сот рәсімінсіз сату құқығымен келісім беру туралы;
- Серіктестіктің жеңіл автокөлігі «КИА» 2011 жылғы, кепілге қоюға және сот рәсімінсіз сату құқығымен келісім беру туралы;
- Серіктестіктің «Eurasian Bank» АҚ-ның депозиттік шотындағы ақша қаражатын кепілге қоюға, акцепсіз шығыстан шығару құқығымен беру туралы.

3. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның 2018 жылғы қаржы есебіне тәуелсіз аудитордың тексеру қорытынды есебін талқылау және бекіту туралы.

4. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның 2018 жылғы қаржы есебіне серіктестік ревизорының тексеру қорытынды есебін талқылау және бекіту туралы.

5. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы несиелендіруді рәсімдеудің жаңа басылымдағы шарттары мен т.б. ережелерін бекіту туралы.

6. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшылары арасында несие лимитін бөлу туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 10 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

**«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі» ЖШС әкімшілігі.**

**(БИН: 040 540 001 348).**

**ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН**

«Келешек» қоғамдық қоры (БСН 020 840 012 662) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

# ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.**

**Мекеменің атауы:** Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

**Орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, индексі 120009, Қызылорда қаласы, Марал ишан көшесі, 1.

**Лауазымдық міндеттері:** Заңнамаға сәйкес ұйым қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелерінің орындалуын, қабылданатын шешімдердің орындалуын, оның теңгеріміндегі ұйым мүлкінің сақталуын және толық пайдалануын қамтамасыз етеді, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру механизмін айқындайды. Басқа ұйымдармен немесе заңды тұлғалармен шарттар, келісім-шарттар, операциялар жасайды, өкімдер мен бұйрықтарды шығарады, іскерлік кездесулерде ұйымның атынан өкілдік етеді. Барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және өзара тиімді іс-қимылдарын ұйымдастырады, әлеуметтік және нарықтық басымдықтарды ескере отырып, олардың қызметін жаңалықтар мен нарықтық жағдайдағы өзгерістерге жылдам ден қоятын, тауарлар мен қызметтерді икемді және ұтқыр өндіруді дамыту мен жетілдіруге бағыттайды. Ұйым жұмысының тиімділігін арттыруды, өнімдер мен қызметтер сатылымын және пайданы ұлғайтуды, өндірілетін өнімнің (қызметтердің) сапасын және бәсекеге қабілеттілігін, отандық және шетелдік нарықтарды жаулап алу мақсатында олардың мемлекеттік және жоғары дамыған елдердің, озық компаниялардың стандарттарына сай келуін қамтамасыз етеді. Ұйымның мемлекеттік бюджет, жинақтаушы зейнетақы қорлары және сақтандыру қорлары, өнім жеткізушілер, тапсырыс берушілер және банк мекемелерін қоса алғанда, кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісім-шарттардың) және индикативті жоспар мен бизнес-жоспарлардағы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етеді. Өнімнің (қызметтердің) техникалық деңгейін және сапасын, өндіріс қарқындылығын, еңбек өнімділігін, экономикалық тиімділігін арттыру, өндірістік резервтерді тиімді пайдалану және ресурстардың барлық түрлерін үнемді жұмсау мақсатында жаңа техниканы және жаңа технологияны, басқару мен еңбекті ұйымдастырудың прогрессивтік нысандарын, материалдық, қаржылық және еңбек шығындарының ғылыми негізделген нормативтерін кеңінен пайдалану, нарықтық конъюнктураны және озық тәжірибені (отандық және шетелдік) зерделеу негізінде өндірістік-шаруашылық қызметті ұйымдастырады. Кәсіпорынды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін тиімді пайдалану мен дамыту, адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтау, ұжымда қолайлы психологиялық жағдай қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды. Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің үйлесуін, өндірістік және өзге мәселелерді талқылау мен шешуді, өндірістің тиімділігін арттыруды материалдық және моральдық көтермелеуді қамтамасыз етеді. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шарттарды әзірлеу, жасау және орындау, еңбек және өндірістік тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді, кәсіпорын жұмысшылары мен қызметкерлерінің еңбек ынталылығын, бастамасын және белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерді оған заңнама бойынша берілген құқықтар шегінде шешеді, басқа лауазымды тұлғаларға – директорлардың орынбасарларына, кәсіпорынның өндірістік бірліктері мен филиалдарының, сондай-ақ функционалдық және өндірістік бөлімшелерінің басшыларына қызметтің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады. Кәсіпорынның шаруашылық қызметінде және оның шаруашылық-экономикалық байланыстарды жүзеге асыруында заңдылықтың сақталуын, нарық жағдайында қаржылық басқару мен жұмыс істеуге арналған құқықтық құралдардың пайдаланылуын қамтамасыз етеді, шарттық және қаржылық тәртіптерді нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, бизнесті (кәсіпкерлік қызметке) қолдау көрсету мен ауқымын кеңейту мақсатында кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етеді. Сотта, төрелік сотта мемлекеттік билік және басқару органдарында кәсіпорынның мүліктік және басқа да мүддесін қорғайды және оның атынан өкілдік етеді.

**Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:**

Техникалық ғылымдар және технологиялар мамандығы бойынша жоғары білім және тиісті ұйым бейінінде басшы лауазымында жұмыс стажы кемінде 5 жыл болуы тиіс.

«Іскер әкімшілік магистрі» ғылыми дәрежесі немесе басқару (менеджмент) саласында қосымша білімінің болғаны дұрыс.

Конкурс «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

**Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:**

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1, «Облыстық мекемелер үйі» ғимаратының 4-қабаты №404 бөлме мекен-жайда қабылданады. Анықтама үшін телефондары: 8 (7242) 60-53-94, электронды мекенжайы m.alieva@korda.gov.kz.

**Конкурс өткізу орны:** Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1, «Облыстық мекемелер үйі» ғимаратының 4-қабаты № 407 бөлме.

Барлық құжаттар болған жағдайда, сондай-ақ тұлға барлық талаптарға сәйкес келген кезде Комиссия құжаттар қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құжаттар тапсырған тұлғаны конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі Комиссия хаттамасымен бекітіледі.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі бекітілгеннен кейін Комиссия конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттарды зерделейді және күнтізбелік он күн ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.**

JETISTIK

**Қазалылық оқушылар көру мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған құрылғы ойлап тапты. Жаңа көзілдірік кедергілерді сезуге мүмкіндік береді.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА.**



# ТОП ЖАРҒАН ТӨРТЕУ

Төрт оқушының да бастамасы батыл. Олар өз бетінше Ресей Федерациясының білім және ғылым министрлігі мен «Фонд новых форм развития образования» мекемесі ұйымдастырған байқауда бақ сынамаққа шешім қабылдапты. Санкт-Петербургта өтетін сайысқа әлем елдерінен 400 топ қатысуға өтініш білдірсе, соның 73-і ғана шақырту алыпты. Мектеп әкімшілігі қарқыны қатты оқушылардың идеясын құп көріп, бастамаға қолдау білдіріпті.

– Төртеуміз топты Qazaq, Technology сөздерін біріктіретін QTECH деген атаумен атадық. Дайындық барысында тек көзілдірікпен шектелмей, арнайы датчиктер орналасқан куртка, етік, кедергі шыға қалса, вибросигнал беретін трость (зағиптарға арналған таяқ) ойлап таптық. Ал қосалқы бөлшектер үшін Қытайға тапсырыс бердік. Ақтық сында сайыс қазылары құрылғыны бағалау үшін зағип кісіні алдырды. Көзі көрмейтін адам арнайы лабиринттен өтіп, апельсин шырынын тауып ішуі керек. Ол лабиринттен сәтті өтті, бірақ шырынды таба алмады. Себебі, уақыт аздығынан шырынды табатын бағдарламаны қосып үлгермедік. Бірақ құрылғыны пайдаланған адам жұмысымызға оң бағасын берді, – деді Нұрсәт Есекеев.

Айта кетерлігі, Мәскеуге жеткенде құрылғының бөлшектері жүк тасымалы кезінде ажырап, бұзылып қалған екен. «Енді қайттік» деп қолды қалтаға салып тұратын уақыт жоқ. Балалар креативті, логикалық тұрғыда ұтқыр шешім қабылдай білетінін дәлелдеп, бірер күн ішінде көзілдірік пен курткаңы қайта құрастырып, байқауға қатысыпты. Осылайша еті тірі, ебі мол оқушыларға жүлделі II орын бұйырған. Айтпақшы, зерек балалардың жетекшілері – физика пәнінің мұғалімі Жаңабек Нағашыбаев пен Болат Жолдасбеков.

Жоба авторының бірі Асылхан Қанибаев көру мүмкіндігі шектеулі азаматтардың туысқандары арқылы құрылғының белгі беру жүйесін смартфонға орнатуға болатынын айтты. Сол арқылы зағип жандардың қайда жүргенін бақылап отыруға болады. Сондай-ақ, олар енді 20-30 сантиметр аумақтағы кедергіні анықтай алатын құрылғы мүмкіндігін 1 метр етіп, қайта құрастырмақ.

BAIQAÝ

# «БОЗТОРҒАЙ»: ЖЕҢІМПАЗДАРҒА ЖОЛДАМА

**А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде дәстүрлі облыстық «Бозторғай» байқауы өтті. Оған ән, хореография, музыкалық аспапта ойнау, халықтық орындау және көркемсөз оқу жанрлары бойынша 500-ге жуық өнерпаз қатысты.**



Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы ұйымдастырған шараның биылғы ерекшелігі, аспаптық ансамбльдер мен аспапта орындаушылар жекелей марапатталды. Байқау өткізілген 21 жыл ішінде топ жарған жеке орындаушылар мен би топтарының көпшілігі бүгінде әлемдік сахналарда өнер көрсетіп жүр. Екі күнге созылған сайыста көрерменге қуаныш сыйлаған сәттер көп болды. Өнерпаздардың әрқайсысы бір-бірінен асып түсті.

Додада бас жүлде иеленген жеңімпаздар мамыр айында өтетін халықаралық «Бозторғай» конкурсына жолдама алды. Атап айтқанда, аспапты ансамбльдер жанры бойынша Шиелі аудандық әуез мектебінің ұлт-аспаптар ансамблі, аспапты жеке орындаушылар жанрында Ақниет Бөлеген (11-13 жас), Дильназ Әлімбаева (14-17 жас), вокал жанрында Мадияр Серік (10 жасқа дейін), Нұрбек Әмірбекұлы (11-13 жас), халықтық орындау жанрында Назым Изатуллаева (10 жасқа дейін), Шұғыла Мархаба (11-13 жас), Аяжан Шынберген (14-17), көркемсөз оқу жанры бойынша Ақнұр Ақмалиева, Нұрасыл Әділбек (11-13 жас), Ақсұңқар Айдын (14-17) суырылып алға шықты.

Ал хореография жанрында жеңімпаз атағына лайық ешкім болмағандықтан, қатысушылар тек қалған орындарды өзара бөлісті.

**Маржан ӘШІРАПБАЕВА, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың студенті.**

SERGEK

# АЗИЯ КУБОГЫ СЫР ҚОРЖЫНЫНДА



**Жерлесіміз Тынарбай Тілеген дзюдодан Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында өткен Азия кубогының жеңімпазы атанды.**

Жасөспірімдер арасында өткен бәсекеде Тынарбай 66 келі салмақта белдесті. Нәтижесінде маусым айында Тайпей қаласында өтетін Азия чемпионаты, қыркүйекте Алматы қаласында өтетін әлем чемпионатына жолдама жеңіп алды. Бапкері Арман Молдахановтың айтуынша, дзюдошы қазір өз бабында. Алдағы белдесуде де ел намысын қолдан бермеуге барын салады.

**М.ОТАРАЛЫ.**

# БҮЛДІРШІНДЕР БИІГІ

**Әйтеке би кентіндегі №21 «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасы ұжымының жас тәрбиеленушілерге тағылымды тәрбие берудегі озық іс-тәжірибесі көпшілікке жақсы мәлім.**

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**

Білікті педагог Эльмира Нұрмағанбетова басшылық жасайтын балабақша қызметкерлері баулыған кішкентай өнерпаздар түрлі деңгейдегі өнер сайыстарында да алдыңғы лектен көрініп жүр. Жуырда «Алпамыс» балабақшасының тәрбиеленушілері ауқымды байқаудан алты бірдей бас жүлдені иеленіп, көпшілікті тәнті етті.



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Бейбітшілік әлемі» халықаралық бірлестігінің 10 жылдығы құрметіне Қызылордада өткен «Мәңгі ел – Қазақстаным!» атты оқушылар мен жасөспірімдер фестиваліне қатысқан Н.Сатыбай, А.Олжабек, Ж.Көптілеу, І.Темірбек, А.Жанұзақ «вокал», «көркем сөз», «би» жанры бойынша бас жүлдені иеленсе, тәрбиеші Р.Алғазиева, педагог ұйымдастырушы М.Тәңірбергенова, би жетекшісі А.Өтеген, ағылшын, орыс тілі маманы А.Рысмамбетова, музыка жетекшісі М.Шапихова фестивальға белсене атсалысып, педагогика саласында заманауи білім, саналы тәрбие берудегі еңбегі үшін «Бейбітшілік әлемі» президенті, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик Ә.Нұрмановтың «Алғыс хатымен» марапатталды.

Жеңімпаз бүлдіршіндер Біріккен Араб Әмірлігінің Дубай қаласында өтетін «DUBAI World of Peace 2019» халықаралық өнер фестиваліне, ғылыми конференциясына, «Рухани жаңғыру» Ұлттық бағдарламасы аясындағы «Бейбітшілік әлемі» халықаралық бірлестігінің мерейтойына арналып Нұр-Сұлтан, Алматы қаласында өтетін оқушылар мен жасөспірімдердің «Мәңгі ел – Қазақстаным!» өнер фестивалі мен ғылыми конференциясына шақырту алды.

Қазалы ауданы.

**«Жастар жылы» мен Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту» тарауы бойынша облыстық тарихи-өлкетану музейі мектеп оқушылары арасында «Болашақ экспонат» жобасын ұйымдастырды.**

# «БОЛАШАҚ ЭКСПОНАТ» ЖОБАСЫ

Байқау шарттары бойынша, жеңімпаздар ашық дауыспен анықталады. Сонымен қатар әр тоқсан сайын жүлдегерлер жарияланады.

Музей экспонаттары көмегімен тарихи кезеңдерді толық зерттеп, заттай деректермен көрсетіп, әр экспонатты сөйлету арқылы жастарға білім мен тәрбиені беру – басты міндет. «Болашақ экспонат» – музей арқылы тұлғаның шығармашылық дамуын жүзеге асыруды көздейді.

Алғашқы тоқсан нәтижесі бойынша жүлделі I орынды М.Сужиков атындағы №6 мектептің оқушысы А.Әлішева қанжығасына байлады. II орынды Н.Ахмадеева атындағы №112 мектептің оқушысы Н.Әуезхан мен №2 «Мұрагер» мектебінің оқушысы Б.Тәңірберген иеленсе, III орын Н.Ахмадеева атындағы №112 мектептің оқушысы Н.Ерғазиеваға, Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейінің оқушысы Н.Ділдәбековаға және №2 «Мұрагер» мектебінің оқушысы Д.Райымбековаға бұйырды.

**«СБ» ақпарат.**

# АҚЫНДАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ МАХАББАТЫ

**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**

Соңғы бір кездерде ежелгі дәуір әдебиетіндегі ақындардың өмірбаянына қызығушылығым ауды. Қат-қабат жұмысымнан ашық терезе тауып, «қашып шыққан» сәттерімде басымды кітапқа барып тіреймін. Әсіресе мені әлемдік жыршылардың махаббат хикаялары әсерлендірді. Сөйтіп жүріп Овидий мен Фабия, Эврипид пен Хирилла секілді бірнеше ғашықтар баянын жаздым.

Бүгінгі әңгімемнің сыры да солардың оқиғаларымен сарындас, анығы бас тақырыпта көрініп тұр. Айтайын дегенім...

Римдік ақын Торквато Тассоны қалың оқырман тани қоймайтын шығар. Бұл оның шығармашылығының әлсіздігі емес, аудармасының кемшіндігі болса керек. Біз ол жағына бармаймыз, Тассо герцог Альфонс ІІ-нің сарай ақыны болған. Сарай ақыны деген бүгінгі құлаққа сүйкімсіз естіледі. Бірақ мұндай атақ кезінде жоғары лауазым саналған. Сол Торквато өз талантымен айналасын тәнті еткен ақын. Оның өлеңдерінің күш-қуатына сенген қалың жұрт тіпті Тассо жырын оқу арқылы аурудан айығуға болады деп те санаған. Бұл оқуды, әрине, дұға не аят оқумен шатастыруға болмас, өйткені ол Рим өмірінде крестшілер көзқарасының үстемдік құрған кезеңі емес пе?! Ақын, әсіресе, сарай ханшаларының «көзқұртына» айналды. Олар жыршының алдына тізе бүгіп, жығылуға дейін барды. Ханшалардың ішінде аузын айға, көзін күнге теңесең, олқы соқпайтын небір сұлулардың болғаны анық. Алайда, ақынға сол сұлулардың бәрі бір-бірінен аумайтын қарапайым апалы-сіңлілер сияқты ғана көрінді. Торквато бірде-бір ханшаға жанаспады, олармен тек бас изеп амандасты. Сұлулармен жолығыса қалса, әлде біреуіне тиіп кетпесін деп қолын қалтасына салып алатын. Бірде өлең оқып тұрған ақынның қолы герцог қарындасының иығына тиіп кетеді. Ал бұл алтын ханшайымға біреудің қолы тию оны қорлағандық, тіпті жазаға лайық болып саналады. Осы сәтте герцогтың қарындасы оған: «Сіз мені қолыңызды иығыма тигізуіңізбен емес, оны тез қайтып алуыңыз арқылы қорладыңыз» дейді. Бұл «тым болмаса маған ғашық бола алмайсың ба?» деген сөз астары секілді еді. Бірақ ақын ешкімге де ғашық болмады, тіпті ол сарай ханшаларына қарап күлмейтін де. Осы салқынқандылығы оны сарайдан кетіруге мәжбүр етті. Ол енді басына темір құрсау киіп, герцог әскері сапына қосылды. Пұтқа табынушылармен соғысты. Ол бір шайқаста Армиданы көрді, көрді де ес-түссіз ғашық болды. Пұтқа табынушы Армида жауы болса, оның ғашықтық сезімін қалай қабыл алсын. Сонда Торкватоға қалған бақыт не? Ол енді өз сүйгенінің қолынан өлім ләззатын алу ғана. Сол сәтте ақын үстіндегі темір құрсауын шешіп тастап, «жауына» жалаң шабады. Бұл оның алғашқы махаббатына деген сұлу сезімін паш етуі. Әне... сүйсең, ақындарша сүй!



Жазбаларға қарағанда ақын ажалы Армидадан келмеген. Армида дәрменсіз жауын неге өлтірмеді, ондай суреттеулер маған кезікпеді. Бірақ Торквато өмірден мұңлы қалпы, тіпті күлмеген күйі өтіпті.

Джакомо Леопарди есімі де ерекше белгілілер қатарына жатпайды. Шығармалары еуропалықтар арасында жақсы оқылатын ақын түңілушілік ілімінің ағымында болған. Ол өзінің бақытсыздығы жағынан отандасы Тассоға ұқсайды. Леопарди да біреуге ғашық болып, қанып сүймеген.

Соңғы сөз тіркесіне түсіну қиындау шығар. Бірақ түсінбейтін несі бар? «Махаббат бүгін тағы карамады» деп Мұқағали айтпақшы, ол біреуді ұнатып өз сезімін білдіре бастаса болды, әлгі нәзік жанды жаратылыс одан тез арада теріс айналып кеткен. Өйткені Джакомо ұсқынсыз адам болған. Сондықтан ол махаббат туралы шығармаларында да тоқыраушылықтан арыла алмаған. Жас кезінде-ақ өзі өмірден аттанарда оқитын өлеңін жазған. Сол Леопардидің алғашқы махаббаты – Нерина атты қыз болған. Ақын өзінің күллі шығармаларын осы қызға арнады. Бір ғажабы, ақын шынайы сезімін қызға тікелей білдірмеді. Ақын өлеңдерінде «О, Нерина, сен жоқ, сен жоқ жерде өлімнен басқа жол жоқ» дейтін тіркестер кездеседі. Өйткені, Джакомо көрікті қыз, ол ұсқынсыз адамды сүйе алмайды деп есептеген. Сондықтан ол «адам жанын тән сұлулығы билейді» деген пікірде болған. Алайда, ол оңбай қателескен болатын. Нерина да оның ақындығына, жан сұлулығына ғашық болған. Сөйтіп бір-бірін сүйген қос махаббат түсініспеушілікпен қосылмай кеткен.

Ендігі бір сөз испан поэзиясының жұлдызы Лопе де Веганың сезім патшалығы жайлы. Вега өмірбаяншылары ақынның мың сегіз жүз лирикалық және эпостық сарындағы шығармаларының бар екенін айтады. Ол – яғни, еңбеккерлігі жөнінен алдына жан салмаған қаламгер. Ал, махаббатта ше?.. Вега да шын ғашығын жолықтыра алмаған жан. Бір-бірін өліп-өшіп сүймей, жарасып жүретін жұптарды ақын жек көрген, оларды «ақымақ ғашықтар үйірі» деп атаған. Сезімге қанша адал болып қалғысы келгенімен, өмір-өзен Веганы бәрібір өз толқынына тоғытты. Ғашығын таппай басы қаңғырған байғұс ақын отыз бес жасында Гвардио атты ханымға үйленді. Сүю туралы саф ойларын отбасы бақыты деген ұғым быт-шыт қылып бұзды. Бірақ сүймей қосылған ақын жарының көзіне шөп салуды күнәға санамады. Ақыры ол «бір ұятсыз әйелдің» өсегінен қашып, Мадридтен кетті. Оның махаббаты астанада емес, ауыл жақта жүр екен. 1616 жылы Мартамен жолыққан ақын оған өлердей ғашық болды. Тағдырдың мазағынай, бұл кезде оның жасы елуде еді, ал Мартаның күйеуі бар болатын. Алайда, шын ғашықтық бәрін бұзып-жарды. Ақыры қос ғашық қосылды. Қосылғанмен өмірлері өкінішпен аяқталды. Бұл екі ортадағы оқиғалар көп, бірақ оның бізге керегі жоқ. Ғибраты аз, Мәжнүн мен Ләйлідей қайдан болсын. Мені ойлантқан махаббаттың ауыр жолы, ақындар тағдыры.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ | https://twitter.com/syrboyi | www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36
40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17,
40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат инистрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакциянның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 29258
Тапсырыс №571

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Кезекші редактор Шынар БЕКБАН.